



Евразийский Банк

кеңінен пайдалану үшін

**«ӨЗ КЛИЕНТИНДІ ТАНЫ»
САЯСАТЫ**

СТ

«Өз клиентінді таны» саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына (бұдан әрі – КЖ/ТКҚ туралы заң), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы №188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктеге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережесіне (бұдан әрі – №188 ереже), Ишкі нормативтік реттеу саясатына, Ишкі нормативтік құжаттарды басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес «Өз клиентінді таны» Базель комитетінің, Ақшаны жылыстатумен құрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) ұсыныстарының шеңберінде әзірленген.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Саясат КЖ/ТКҚ туралы заңның талаптарын орындау бойынша негізгі қағидаларды және бағыттарды анықтау мақсатында әзірленген және клиенттің Банк арқылы қылмыстық мақсатта ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізетін операцияларын болдырмауга және қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырумен байланысты клиенттің операциясына Банкті тарту тәуекеліне жол бермеуге бағытталған.

2. Саясатта Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – КР) заңнамасымен көзделген негізгі түсініктер, сондай-ақ мынадай түсініктер, қысқартулар мен шартты белгілер қолданылады:

1) **Банк - «Еуразиялық банк» АҚ** және оның филиалдары;

2) **бенефициарлық меншік иесі** – занды тұлға-клиенттің жарғы капиталына немесе орналастырылған (артықшылығы барларды және қоғам сатып алғандарды шегергенде) акцияларына жиырма бес пайыздан асатын қатысу үлесі тікелей немесе жанама тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентке басқаша түрде бақылау жасайтын немесе оның мүддесіне клиент ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операция жасайтын жеке тұлға;

3) **Ақшаны жылыстатумен құрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ)** – ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырумен құрес саласында ұсыныстарды әзірлейтін үкіметаралық ұйым;

4) **іскерлік қатынастар** – Банктің қаржылық қызметке және қаржылық қызмет түрлеріне тиесілі қызметтерді клиентке беру бойынша қатынастары;

5) **клиент досыесі** – клиенттің деректері мен мәліметтерін қағаз тасымалдаушысында және/немесе электронды түрде сәйкестендіру және тіркеу мақсатында клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті түрде тексеру шеңберінде алынған ақпарат;

6) **шетелдік жария лауазымды тұлғалар** (бұдан әрі - ШЖЛТ) – тағайындалатын немесе сайланатын, шетелдік мемлекеттің заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік, сот органдарындағы немесе қарулы күштердегі қандай да бір лауазымдағы тұлға, және/немесе

шетелдік мемлекет үшін қандай да жария қызметті орындаитын кез келген тұлға, және/немесе елдердің халықаралық шарттардың мәртебесі бар келісімдердің негізінде құрган ұйымдарында басшылық лауазымын атқаратын тұлға;

7) **шетелдік мемлекеттің құзыретті органы** – шетелдік мемлекеттің заңнамасына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жасалатын операциялар туралы мәліметтерді мен ақпаратты жинауды, өндөуді, талдауды және пайдалануды жүзеге асыратын органы;

8) **тиісті түрде тексеру** – клиентке және оның өкіліне және бенефициарлық меншік иесіне қатысты, оның ішінде ақшамен және/немесе басқа мүлікпен жүргізілетін операциялар бойынша мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды жинау мақсатында іске асырылатын іс-шаралар;

9) **қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру (жылыстату)** және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі - КЖ/ТК) тәуекелдерін басқару – КЖ/ТК тәуекелдерін анықтау, бағалау, мониторинг жасау, сондай-ақ оларды барынша тәмендету (өнімдерге, қызметтерге, клиенттерге, сондай-ақ клиент жүргізетін операцияларға қатысты) бойынша Банктің қабылдайтын шаралар жиынтығы;

10) **ҚМУО тізбесі** – қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілдепті орган құрастырған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі;

11) **КЖ/ТКҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;

12) **акшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілген құдікті операция** - клиент операциясы (мұндай операцияны, аяқталу процесіндегі немесе аяқталған операцияны жүргізу ниетін

коса), оған қатысты оны жүргізу үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) басқа мүлік қылмыстық қызметтен түсken табыс болып табылатыны немесе операцияның өзі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға бағытталғаны туралы күдік туындарды;

13) клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері - функциясы, оның ішінде клиентпен іскерлік қатынастар орнату, клиенттермен мәмілелер жасау, клиенттердің конверсиялық операцияларын жүргізу, Банк атынан клиенттер есебінен мәмілелер жасау болып табылатын Банктің күрылымдық бөлімшесінің, Банк филиалының қызметкері, бұдан басқа кассирлер мен валюталық бақылаушылар;

14) комплаенс бөлімшесінің қызметкері - қызметіне Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына (бұдан әрі - Ишкі бақылау ережелері), Комплаенс және ішкі бақылау қызметі ережесіне, лауазымдық нұсқаулығына сәйкес КЖ/ТКҚ мәселелері кіретін Банктің Комплаенс және ішкі бақылау қызметінің қызметкері;

15) санкциялық тізбелер (тізімдер) – шетел мемлекеттерінің құзіретті органдары, Біріккен Үлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі санкциялар (резолюциялар) енгізген ұйымдар мен тұлғалардың тізбелері (тізімдері) және ішкі бақылау ережелеріне сәйкес басқа тізбелер (тізімдер);

16) қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган – қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және КЖ/ТКҚ туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруларын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қымыл бойынша өзге де шаралар қабылдайтын мемлекеттік орган;

17) КЖ/ТКҚ мақсатында ішкі бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті қызметкер – Банктің бас оғисінің күрылымдық бөлімшесінің басшысы, Банктің Басқарушы/Атқарушы директоры – филиалының директоры немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша КР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банктің тиісті іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мен бақылау міндеті Банктің бүйрекі (өкімі) бойынша жүктелген Банктің басқа қызметкері.

3. Саясатың мәтіні бойынша пайдаланылатын басқа нұсқамалық терминдер мен қысқартулар Банктің ішкі нормативтік құжаттарында (бұдан әрі – Банктің ИНК) бекітілген мәніне сәйкес, ал олар Банктің ИНК-да болмаған жағдайда – КР заңнамаларында бекітілген немесе халықаралық банктік тәжірибеде қабылданған мәндерге сәйкес қолданылады.

2-бөлім. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тaraу. Негізгі міндеттер

4. КЖ/ТКҚ тиімді жүзеге асыру мақсатында Банк өз қызметінде «Өз клиентінді таны» саясатының мынадай негізгі міндеттерін басшылыққа алады:

1) клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті тексеруді (сәйкестендіруді) онымен іскерлік қатынастар орнатқанға дейін жүргізу;

2) алынып тасталды;

3) жасырын иеленушілердің банктік шоттар ашуына тыйым салу, яғни банктік шот ашуши тұлғаның клиентті тиісті турде тексеруге қажетті құжаттарды ұсынуыныз;

4) жасырын иеленушілерден / ге операцияны орындауға қабылдауға тыйым салу;

5) клиентке, оның өкіліне банктік қызмет көрсетуден / беруден бас тарту құқығы, егер Банктің мұндай құқығы осындаи клиентпен жасалған шартпен көзделсе, төмендегі жағдайларда:

– ҚМУО тізбесінде және санкцияланған тізбелерде (тізімдерде) клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің болуы;

– Егер операция/мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы/қатысушысы халықаралық ұйымның, шетелдік мемлекеттің құзыретті органдарының немесе уәкілетті органдарының анықтаған ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болып табылса немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысатын болса;

– клиентке тәуекелдің «сыни» деңгейі тағайындалса;

– Банктің ИНК көзделген басқа жағдайларда, сондай-ақ бас тарту КР заннамасымен және/немесе Банк пен клиент арасында жасалған шартпен көзделген және/немесе шешілген болса;

6) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруды болдырмаудың тиісті шараларын қабылдамайтын немесе өздері тіркелген мемлекеттерде нақты болмаған банктермен қатынас орнатуға тыйым салу;

7) клиенттің оның өкілінің, бенефициарлық меншік иесінің олардың берген құжаттарының негізінде түпнұсқалығын/сенімділігін тексеру үшін қажетті шаралар қабылдау және клиенттің, оның өкілінің, бенефициарлық меншік иесінің жеке тұлғасы анықталғанға дейін операция жүргізу;

8) клиенттің Банкке өтініш жасауының болжамды мақсатын және іскерлік қатынастардың бұдан әрі сипатын айқындау;

9) клиент мәлімдеген мақсаттарға сәйкес келуіне клиенттің қызметінің мониторингін жүргізу;

10) клиенттің қызметіндегі қаржылық мониторингке жататын операцияларды, оның ішінде ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін құдікті операцияларды анықтау үшін тиісті шараларды колдану;

11) уәкілдегі органды қаржылық мониторингке жататын операциялар, оның ішінде ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен құдікті операциялар туралы ақпарат беру;

12) жоғары және/немесе сынни деңгейдегі тәуекелі бар клиенттерге қосымша шаралар жүргізу;

13) клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі бойынша ақпараттар мен мәліметтерді тіркеуді жүзеге асыру;

14) қажетті құжаттар мен мәліметтерді КР заннамасында және Банктің ИНК белгіленген мерзімде сактауды қамтамасыз ету;

15) клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметті тәуекел-бағдарланған тәсіл ескеріліп, қайта қарастыру және жаңарту;

16) КЖ/ТҚҚ мақсатында банкте қабылданатын шаралар туралы клиентке, оның өкіліне ақпарат беруге тыйым салу;

17) КЖ/ТҚҚ туралы заң талаптарын жүзеге асыру үшін Банк қабылдайтын шараларды реттейтін Саясаттың ережелерін және Банктің басқа ИНК Банктің қызметкерлерінің ағымдағы жұмыста колданылу бойынша қажетті оқыту жүргізу.

5. Саясат қойған міндеттерді орындау үшін клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкерлері Ішкі бақылау ережесін басшылыққа алады.

2-тaraу. Клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті түрде тексеру бойынша негізгі талаптар

6. Клиентке, оның өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне тиісті түрде тексеру жүргізу мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) клиентті, оның өкілін сәйкестендіруге қажетті мәліметтерді белгілеу;

2) бенефициарлық меншік иесін анықтау оны сәйкестендіруге қажетті мәліметтерді белгілеу;

3) іскерлік қатынастардың болжамды мақсаты мен сипатын анықтау;

4) жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қажет болған кезде алуды және тіркеуді қоса алғанда, іскерлік қатынастарды тексеруді және клиенттің Банк арқылы жүзеге асыратын операцияларын зерделеуді тұрақты негізде жүргізу;

5) клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің шынайылығын тексеру және клиент, оның өкілі мен бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.

7. Клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті түрде тексеруді клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері Банкке клиенттің өзі немесе оның өкілі берген құжаттар мен мәліметтердің негізінде жүзеге асырады. Клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті түрде тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпараттардың тізбесі КР заннамасында және Банктің ИНК анықталады.

8. Бенефициарлық меншік иесін анықтау клиент берген мәліметтер және (немесе) құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Егер клиенттің-занды тұлғаның бенефициарлық меншік

«ӨЗ КЛИЕНТИНДІ ТАНЫ» САЯСАТЫ

иесі анықталмаған жағдайда, бенефициарлық меншік иесі болып жеке меншік атқарушы орган немесе клиенттің алқалық атқарушы органының басшысы танылуы мүмкін.

9. Құжаттарда бар деректемелер ҚР заңнамаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс (ҚР заңымен талап етілсе, барлық қажетті қолдардың, күндерінің, мөрлерінің, мөртабандарының болуы). Құжаттар тек өшіру, тазарту, түзету болмаған кезде ғана қабылданады және берілген құжаттардың дұрыстығына күмән тудырмауы тиіс.

10. Клиент немесе оның өкілі тиісті түрде тексеру үшін берген барлық құжаттар олар берілген күні жарамды болуы тиіс. Қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар қарастыруға қабылданбайды және тиісті түрде тексеру үшін қолданылмайды.

11. Банк клиентке тиісті түрде тексеру жүргізу кезінде ол туралы мәліметтерді клиенттің (оның өкілінің) таңдауы бойынша ұсынылған құжаттардың түпнұсқасы немесе нотариалдық күәландырылған көшірмесі немесе апостиль қойылған немесе ҚР ратификациялаган (шығарған) халықаралық шарттармен белгіленген заңдастырылған тәртіптегі құжаттардың көшірмесі негізінде құжаттамалық тіркейді.

12. Өзінің клиенттерін зерттеу мақсатында қосымша акпарат алу қажет болған жағдайда, Банк заңды негізде және сенімділігіне құмән тудырмайтын банктің қолы жетімді басқа негіздерден алынатын құжаттар мен мәліметтерді пайдалануы мүмкін (мемлекеттік билік және басқару органдары, құқық қорғау және сот органдары, ресми анықтамалықтар және басқа негіздер).

13. Клиентті тиісті түрде тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтер, клиенттің досьесі, шот туралы мәлімет пен одан алынған хаттарды қоса алғанда, клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде бес жыл сақталуы тиіс. Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін операциялар туралы және ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ барлық күрделі, әдеттегіден ірі және басқа әдеттегідей емес операцияларды зерттеу нәтижелері кемінде бес жыл сақталуы тиіс.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар мен мәліметтер Ішкі бақылау ережелерінде қарастырылған акпаратты қамтуы тиіс.

14. Клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер мен ақпаратты клиенттің досьесіне, оның ішінде клиенттің карточкасын толтыру (ресімдеу) арқылы тіркейді.

15. Клиенттің досьесін ресімдеу бойынша нысаны мен талаптары Ішкі бақылау ережесінде анықталады.

16. Клиент ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операцияларды (мәмілені) жүргізген кезде клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтің ҚМУО тізбесімен және санкциялық тізбелерімен (тізімдерімен) сәйкес келуіне тексеру жүргізуге міндетті. Тексеру Банктің бағдарламалық кешенін пайдаланумен автоматтық режимде немесе қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету жок болған кезде қолмен салыстырып тексеру әдісімен жүргізеді.

17. Егер Банк клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін сәйкестендірген және клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкеріне бұл клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі туралы клиенттің досьесіндегі мәліметтерге тұрақты режимде оперативтік қолжетімділік қамтамасыз етілген жағдайда, клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері клиентке, оның өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне тиісті түрде тексеруді жүргізбеуге құқылы.

18. Клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері, егер оның мәліметтерді сәйкестендіру бойынша іс-шараларды іске асыру нәтижесінде бұрын мәліметтердің шынайылығына күдігі пайда болса, клиентке, оның өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне қайталап тиісті түрде тексеру жүргізуге міндетті. Бұл ретте клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері клиентке тиісті түрде тексеру жүргізу үшін клиент берген құжаттар мен мәліметтердің шынайылығы мен өзектілігіне қатысты тиісті түрде тексеру жүргізу үшін қауіпсіздік бөлімшесін тартуға құқылы.

19. Саясаттың 6-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаган жағдайда, клиентпен іскерлік қатынастар орнатылмайды.

Саясаттың 6-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларымен көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаган жағдайда, ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жүргізілмейді.

3-тарау. Шетелдік жариялауазымды тұлғаны тиісті түрде тексеру бойынша негізгі талаптар

20. Халықаралық ұйымдардың және шетелдік күзыретті органдардың - Ақша жылыстатумен курестің қаржылық шараларын өзірлеу тобының (ФАТФ) ұсыныстарына сәйкес ШЖЛТ санатына келесі шетелдік мемлекеттің мынадай азаматтары жатқызылуы мүмкін:

1) маңызды мемлекеттік қызметті орындау жүктелген немесе бұрын жүктелген (өкілеттік жүктелген сәттен бастап 1 (бір) жылдан кем уақыт өткен) тұлғалар, атап айтқанда:

- мемлекеттің немесе үкіметтің басшылары (оның ішінде басқарушы король династиялары);

- министрлер, олардың орынбасарлары және көмекшілері;

- үкіметтік жогары чиновниктер;

- шешіміне апелляция берілмейтін «соңғы инстанциядағы» биліктің сот органдарының лауазымды тұлғалары (Жоғарғы, Конституциялық сот);

- мемлекеттік прокурор және оның орынбасарлары;

- жогары әскери чиновниктер;

- Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің басшылары мен мүшелері;

- елшілер;

- мемлекеттік корпорация басшылары;

- Парламенттің немесе басқа заңнамалық органның мүшелері;

2) Қоғамдық сенімге ие болған тұлғалар, оның ішінде:

- халықаралық ұйымдардың (Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҮҮ), Экономикалық ынтымактастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Мұнайды экспорттаушы елдердің ұйымы (МЭЕҰ), Олимпиадалық комитет, Дүниежүзілік Банк және басқалары) басшылары, басшыларының орынбасарлары, Еуропарламент мүшелері;

- халықаралық сот ұйымдарының басшылары және мүшелері (Адам құқықтары бойынша сот, Гаага трибуналы және басқалары);

3) шетелдік мемлекеттің заңнамалық, атқарушы, әкімшілік немесе сот органдарында немесе шетелдік мемлекеттің әскери құштерінде тағайындалатын немесе сайланатын қандай да бір лауазымға ие болатын басқа тұлғалар, шетелдік мемлекет үшін қандай да бір жария функциясын орындайтын кез келген тұлға, сондай-ақ халықаралық шарттардың статусы бар келісімдердің негізінде елдердің құрған ұйымдарында басшының лауазымын ие тұлғалар.

21. ШЖЛТ анықтауды клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкерлері клиентпен іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін клиентті сәйкестендіру кезінде алынған құжаттар мен мәліметтердің негізінде жүзеге асырады. Қайталап (бакылау) тексеруі клиенттің досьесіне клиенттің деректері мен мәліметтерін жариялауазымды тұлғалардың және олармен қауымдастырылған адамдардың коммерциялық тізімін пайдаланып, ақпараттық-талдамалық Factiva қызметі өзірлейтін және қолдау көрсететін автоматты режимде тіркеу кезінде жүзеге асырылады.

22. ШЖЛТ анықтау үшін клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкерлері мынадай ақпарат қөздерін пайдалануға құқылы:

1) клиентті тиісті түрде тексеру кезінде алынған құжаттар және мәліметтер. Клиенттің мәртебесі туралы мәліметтер оның жеке басын күэландыратын құжаттан немесе КР аумағына келу құқығын растайтын құжаттан алынуы мүмкін. Егер айналысатын лауазымы туралы мәліметтерді клиенттің өзі көрсетсе, клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері клиенттен ШЖЛТ мәртебесін растайтын құжаттарды кейіннен құжаттан көшірмелерін көшіріп алып және оны клиенттің досьесіне сактап сұратуға құқылы;

2) жалпыға қолжетімді қөздерден, кезеңді басылымдардан, оның ішінде Интернет желісінде құралдары арқылы өзіндік зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер.

23. ШЖЛТ іскерлік қатынастарды орнату (жалғастыру) осындай клиентпен іскерлік қатынастарды орнату (жалғастыруға) Банктің басқарушы қызметкерінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

4-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару

24. КЖ/ТКҚ қатысты Банктің құрылымдық бөлімшелерінің КЖ/ТК тәуекелін басқаруды ұйымдастыру тәртібі Ішкі бақылау ережесімен, клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшелерінің қызметін реттейтін Банктің ИНҚ, клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшелері туралы және комплаенс бөлімшесі туралы ережемен анықталады.

25. КЖ/ТК тәуекелін басқарудың негізгі міндеті тәуекелдің анағұрлым жоғары деңгейіне ұшыраған участкерлеріне күш салу үшін тәуекелдің деңгейі бойынша Банк қызметінің (өнімдері және (немесе) клиенттерге көрсетілетін қызметтер) клиенттері мен участкерлерін жіктеу болып табылады. КЖ/ТК тәуекелін басқару мақсатында Банк қызметкерлері мынадай процедураларды жүзеге асыруға міндетті:

- 1) тәуекел деңгейін анықтау мен бағалауды қоса алғанда, тәуекелді сәйкестендіру;
- 2) тәуекелдің жүзеге асуын болдырмау (төмендету) бойынша шаралар.

26. Клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкерлері тәуекел деңгейін бағалауды іскерлік қатынастарды орнату кезінде сәйкестендіруді жүзеге асыру кезеңінде жүргізу мүмкін және клиент және оның қызметі туралы Банкте бар құжаттарды, мәліметтерді және ақпараттарды талдау нәтижесі болып табылады. Сонында, клиенттерді; оның ішінде олардың операцияларын зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтердің негізінде және клиент туралы мәліметтерді жаңарту бойынша КЖ/ТК тәуекелінің деңгейінде тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен автоматты режимде, сондай-ақ Комплаенс белімшесінің қызметкерлері операциялардың мониторингі (іскерлік қатынастар) қорытындылары бойынша және клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту бойынша өзгерту (қайта қарастыруы) мүмкін.

27. КЖ/ТК тәуекелін басқару мақсатында клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің қызметкері Ішкі бақылау ережесіне сәйкес клиенттің досысіне клиентті сәйкестендіру және клиенттің мәліметтерін тіркеу бойынша процедураларды тиісті түрде жүзеге асыруға міндетті.

28. КЖ/ТК тәуекелінің деңгейін бағалау барлық клиенттерге қатысты, банктік шот ашпастан операцияларды жүзеге асыратын клиенттерді қоса алғанда жүргізіледі. Сәйкестендіру және тиісті түрде тексеру шенберінде тіркеу процедурасы жүргізілмейтін клиенттерге қатысты тәуекел деңгейін бағалау жүргізілмейді.

29. КЖ/ТК тәуекелінің деңгейі «төмен», «орташа», «жоғары» және «сыни» болып белінеді. КЖ/ТК тәуекелдері деңгейіне қарай клиенттерді тиісті түрде тексерудің тиісті процедуралары Ішкі бақылау ережелеріне сәйкес қолданылады.

30. КЖ/ТК тәуекелінің деңгейін бағалау жүйесінің құрылымы тәуекелдер деңгейінің мынадай түрлерін (санаттарын) қосады:

- 1) клиенттің түрі бойынша тәуекел;
- 2) қызметтер (өнімдер) және/немесе оны ұсыну тәсілі;
- 3) елдік (географиялық) тәуекел.

31. № 188 ережеге және Банктің ИНҚ сәйкес комплаенс бөлімшесі КЖ/ТКҚ саласында тиісті есеп дайындауды жүзеге асырады және Басқармаға, Директорлар қенесі жаңындағы комитетке, Банктің Директорлар қенесіне есеп береді.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

32. Ішкі бақылау мәселелері бойынша уәкілетті қызметкер КЖ/ТКҚ мақсатында Саясатта, ИНҚ және КЖ/ТКҚ аумағында процедураларды реттеуші Банктің басқа құжаттарында анықталғандай құрылымдық бөлімшениң міндеті мен функциясының өз уақытында, толық және сапалы орындалуы үшін жауапкершілікте болады.

33. Клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін тиісті түрде тексеру бойынша жауапкершілік клиентпен іскерлік қатынастарды орнатушы, оның ішінде өзінің өкілеттігін шегінде банк-респонденттермен және басқа қаржылық ұйымдармен шарттар жасауда бастама жасаушы ретінде көрінетін Банктің құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

34. КЖ/ТКҚ мақсатында банк жүргізетін процедуралар туралы ақпараттың және Саясатты қолдану нәтижесінде алынған құпия мәліметтердің құпиялы режимін сақтау және үшінші тұлғаларға таратпау жауапкершілігі банктің барлық қызметкерлеріне жүктеледі.

 Евразийский Банк	СТ	8 беттің 8-беті
«ӨЗ КЛИЕНТИНДІ ТАНЫ» САЯСАТЫ		

35. Саясат Банктің ІНҚ ДҚ-та енгізілгеннен кейінгі келесі жұмыс қуні күшіне енеді және Банктің барлық қызметкерлерінің басшылыққа атуына және қолдануына жалпыға бірдей міндетті болып табылады.

36. Саясатта реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ-қа сәйкес шешіледі.

37. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар қажет болуы шамасына карай ҚР нормативтік құқықтық актілерінің және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес енгізіледі.